

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Компьютерлік графикадан «Сиқырлы қылқалам» тақырыбында сырттай республикалық байқау өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Компьютерлік графикадан «Сиқырлы қылқалам» тақырыбында сырттай өтетін Республикалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, ақпараттық технологияларды тәжірибелік қызметте белсенді қолдануға оларды тарту

Міндеттері:

ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласында шығармашылық белсенділігін ынталандыру;

қатысушылардың компьютерлік графикада жұмыс жасау дағдыларын игеру;

оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту үшін оқу мен болашақ кәсіби қызмет компьютерлік бағдарламаларды қолдану қызығушылығын арттыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

**2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау 2014 жылғы 11 желтоқсан - 2015 жылғы 26 қаңтар аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 26 қаңтарға дейін [info.do@list.ru](mailto:info.do@list.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8-702-923-57-51 Шакиров Ғалиахмет Ришатұлы, 8-771-830-79-57 Хұрмет Кенжебек.

8. 2015 жылғы 26 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, оларға рецензия берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

**12. Байқауға қатысу үшін - 1 000 (бір мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы былай жүргізіледі: Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы аталуы: «Сиқырлы қылқалам»** байқауы. Байқау қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын сканерден өткізіп, [info.do@list.ru](mailto:info.do@list.ru) электрондық поштаға жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі - **2015 жылғы 3 ақпан.**

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

14. Байқауға 12-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) *Компьютерлік суреттер*

2) *Коллаждар, фотомонтаждар*

3) *Компьютерлік анимациялар*

16. Байқауға байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сай келетін бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

17. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған «Жеңіс мейрамымен!» тақырыбындағы «Компьютерлік суреттер» номинациясы. Байқау тақырыбы бойынша кез келген графикалық редактор көмегімен толық өз бетінше орындалған растрлық немесе векторлық суреттер;

Балаларды қорғау күніне арналған «Балалық шақ әлемі» тақырыбындағы «Коллаждар, фотомонтаждар» номинациясында бөлек тұрған суреттері фрагменттерінің қатарынан толық суреттер құру және негізгі түске басқа да графикалық элементтерден әртүрлі композицияларды араластырып қою арқылы сурет жасау;

Әлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған «Тіршілік ғаламшары» тақырыбындағы «Компьютерлік анимациялар» номинациясында толығымен өз бетінше кез келген бағдарламалық тәсілдің көмегімен жасалған анимациялық суреттер.

Барлық байқау жұмыстары Paint, Adobe Photoshop және т.б. графикалық редакторда орындалуы тиіс. Байқауға JPEG немесе GIF форматта электронды нұсқада жұмыстар жіберіледі. Суреттің өлшемі: 800x800 - 1200x1200 px. Бір файлда бір сурет болуы керек, келесі файлды жүктеу қажет емес (мысалы, векторлық суретті JPEG форматта растрлық суретке өзгертуге, ал анимациялық суретті GIF форматта жасау керек). Файлда жұмыстың атауын, автордың аты-жөні, жасын, білім беру ұйымын, e-mail, облысын (аудан, ауыл) көрсетуі тиіс.

18. «Сиқырлы қылқалам» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

19. Жалпы талаптар:

балаларға арналған ғылыми-танымдық сайттағы педагогикалық жасақтарға арналған «Жасыл ғаламшар, Эврика» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

**Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.**

20. *Бағалау өлшемдері:*

- берілген байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне жұмыстың сәйкес келуі тиіс;
- жұмыстың жаңашылдығы, түпнұсқалығы;
- жұмыстың техникалық орындалуының күрделілігі мен сапасы;
- туындының көркемдік деңгейі, элементтерді рәсімдеу дизайны, түстердің үйлесімді келісуі, композициялық шешімнің сапасы, келешегінің бар болуы.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау**

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.